

ОҚУШЫЛАР БІЛІМІНДЕГІ ОЛҚЫЛЫҚТАРДЫ ЖОЮДАҒЫ МҰҒАЛІМНІҢ ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАРЫ

Аннотация. Бұл мақалада оқушылардың білімдеріндегі олқылықтарды жою бойынша жұмысты ұйымдастыру туралы ақпарат. Оқушының алған біліміндегі олқылықтардың алдын алу және жою мұғалім жұмысындағы маңызды құрамдас бөліктердің бірі болып табылады. Оқушылардың білімдеріндегі олқылықтарды анықтау және жою бойынша жұмыс әр мұғалім қызметінің ажырамас бөлігі.

Кілт сөздер: білім, мұғалім, олқылық, үздіксіз білім беру.

Бүгінгі таңда егеменді еліміз, ғасырлық тарихы бар өркениеті елдер қатарына қосылу мақсатында білім беру істерін қайта құруға көп көңіл бөлуде. Осыған орай соңғы жылдары қоғамдық және әлеуметтік өмірде болып жатқан елеулі өзгерістер білім беру саласының алдына көптенген жаңа міндеттер қойып отыр. Өсіп келе жатқан бала бойында алуан түрлі қасиеттер байқалады. Осы бір көп сырлы қасиеттердің жағымды, жағымсыз жақтары мен қатар елеусіз мінез көріністері де бала бойында болады. Бала өскен сайын көп көріп алға ұмтылады. Өз ойын айту, балалармен достасу, пікірлесу сияқты мінез құлық қалыптасады. Баланың дамып, нақтылап келе жатқан мінезін дұрыс жолға сала білудің маңазы зор. Балалар психикалық жас ерекшелігі жағынан алып қарағанда бірдей болып келеді. Оларды зерттей келе психикалық қасиеттерінің бірқалыпты болмай, үздіксіз дамып отырғанын көруге болады. Сынып оқушыларының жас шамалары бірдей болғанымен, түсінуі, қабылдауы, елестетуі әр түрлі болады. Кейбіреуі сезімтал, сыпайы материалды тез меңгерсе, кейбіреуі жалқау, айтқанды өте қиын қабылдайды. Өйткені олар әр түрлі жаняұдан шыққан балалар.

Міне осы мақсатта қазіргі қоғам талабына сай тиімді білім беру жүйесін қалыптастыру үшін, жоғары мәдениетті дүниеге жауапкершілікпен қарайтын, шығармашылық ойлауға дағдыланған, адамгершілігі мол ұстаз өзінің жүйелі жүргізілген жұмыстары арқылы оқушылардың білім алуындағы кездесетін оқылықтарын жою алады.

Оның ішінде бастауыш білім беру сатысы өзінің үздіксіз білім беру жүйесіндегі басқа буындармен тек сабақтас болумен емес, ең алдымен оқушы тұлғасының қалыптасуы мен дамуы қуатты жүретін аса маңызды құнды қайталанбайтын буын екендігімен ерекшеленеді.

Бастауыш сынып оқушыларының білім алуындағы кездесетін олқылықтардың себептері:

- ата-ананың балаға көмегінің аздығы;
- әдеби кітаптарды аз оқудан;
- ақпарат жүйесінде балаларға қазақша бағдарламалардың аздығы;
- қазіргі балалардың орыс тілділігі.

Бұл проблеманы шешу жолындағы мақсатын оқушылардың жеке бас ерекшеліктерін еске алып әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, мынадай жүйелі жұмыс түрлерін жүргіземіз.

Тілдерін дамыту, сөздік қорларын молайту, ойларын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге негіздеу, сөйлеу мәдениетіне, тақырыпты логикалық түрде баяндауға үйрету. Өз тілінде еркін, жетік сөйлей алатын, өзінің ой-пікірін толық саналы түрде жеткізе алатын жеке тұлға тәрбиелеу. Оқушылардың тілін дамытуда ойын дұрыс жеткізіп, ауызекі сөйлеуде өз ана тілін шұбарламай жүйелі сөйлеуге үйрету барысында мынадай әдіс-тәсілдерді қолданамын.

Ертегі құрастыру, суретпен жұмыс, мақал-мәтелдер құрастыру бір затты немесе оқиғаны суреттеу, шығарманы оқып талдау үлестірмелі тапсырмалар, танымдық ойындар, өлең ұйқастыру.

Үйге тақырып бойынша берілген шығарманы өзге шығармалармен салыстыра оқуы, оқыған шығармаға басқа оқушылардың өз ойын айтуы. Бұл біріншіден үйде дайындаған оқушының үлкен жауапкершілігін арттырып, яғни өз құрбысынан қалмау, құрбысының оған деген бағасының жоғары болуын қалағандықтан қызыға дайындалуына мүмкіндік тудырады. Сөйлемдерді дұрыс құрап, сөздерді дұрыс байланыстырып жазуға дағдыландыру. Сөзді әрлендіру үшін баланың тілін дамытып, сөз байлығын қорландыру үшін мақал-мәтелдер қолданылады.

Мысалы сюжетті сурет «көлдің жағасы кермет тамаша жап-жасыл, мөлдір бұлақ суы ағап жатыр делік. Осыған оқушыларды жетелеу:

- Табиғат - досың, аяла оны.
- Жердің көркі - табиғат.
- Көрікті жер асыл қазына.

- Табиғат - біздің анамыз.

Айтқандарын дәлелдеп, мағынасын ашу талап етіледі және мұғалім толықтырып отырады. Белгілі бір затты немесе оқиғаны суретте салыстыра отырып, суреттеу оқушылардың өз ойын айтуда жазба түрде тиянақты жеткізуге үйрету. Айырмашылығы мен ұқсастығын айыра білуге үйрету, қуанышты және аянышты түрде оқиғаларды салыстыра суреттеу, сезіне білуге үйрету. Белгілі бір затты жасырып, жұмбақ құрастыру, танымды ойындар (метеграмма, сөзжұмбақ, ребус, кроссворд) құрастыру оқушылардың қызығушылығын арттырып, сөздік қорларын молайтып логикалық ойлау қабілеттерін дамытады. Үлестірме тапсырмалар да ой-өрісі, ауыз екі сөйлеу тілі, жазу дағдысын қалыптастыруға ықпал етеді.

Оқу материалдарына қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілері (ертегі, аңыз, әңгімелер, жырлар, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, жұмбақ, жаңылтпаш, ұлттық ойындар т.б.) сабақ мазмұнына сай енгізу баланың алған білімін толықтырып байытып, жан-жақты дамуына дәйекті ықпал етеді. Сондықтан мазмұны жағынан ұлтымыздың асыл мұраларын дәріптейтіндей баланың бойына озық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді сіңіретіндей имандылыққа тәрбиелейтіндей жұмыс түрлері әрбір сабақта көрініс тауып отырады.

Мұғалімнің ең үлкен міндеті- бала белгілі бір шешім тауып, өз туындысын ұтымды аяқтап шыққанға дейін оның назарына тыс қалдырмай, шығармашылық бағыт-бағдар беріп отыру керек.

Әрбір оқушының шығармашылық күш қуатын толық пайдаланып жұмыс істеуіне өз күшіне сенімділігін еңбігінің қуанышын сезіне білуіне ықпал ететін әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып оқушылардың өздігінен білімін жетілдіруге ықпал етеді.

Төменгі сынып оқушыларымен жұмыс істеген әрбір ұстаз оқушыға жеке қарым-қатынас жасау арқылы олардың қабілетін байқайды, ерекшелігін аңғару арқылы жүрегіне жол табуға тырысады.

Ұлы педагогтар мен психологтардың айтуынша баланы тәрбиелеу және оқыту оның жақсы қасиеттерін басшылыққа ала отырып жүргізуге бағыт береді.

Оқушылар біліміндегі олқылықтарды жоюдағы мұғалімнің жүйелі жұмыстарын қорыта келе, мынадай ұсыныстар ұсынамын:

- техникалық құралдардың жеткілікті болуы;
- сабақта жаңашыл технологияларды пайдалану;
- кітапханамен тығыз байланыс жасау;
- оқушылардың шығармашылық қабілетін, тілін, логикалық ойлау қабілетін дамыту үшін әр түрлі әдіс-тәсілдер қолдану;
- ата-анамен жұмысты жүйелі түрде келтіру.

Әдебиеттер:

1. «Ата-аналарға арналған сөздік» Алматы: Мектеп, 2000
2. Жұмабаев М. «Педагогика» Алматы
3. Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігі. Алматы, 1995

Өмірзақова М.Қ., Медиева С.Х.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аннотация. Сапалы оқыту және өздігінен оқып білім алуға баулу негізіндегі оқушыларды парасатты азамат етіп тәрбиелеуге байланысты педагогикалық үрдісте оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуда өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастыру жолдары қарастырылған. Бастауыш сыныпта өзіндік жұмысты ұйымдастырудың негізгі шарттары мен тапсырмаларды орындау, түрлі әдістемелік тәсілдерді пайдалану мүмкіндіктері берілген.

Кілт сөздер: өзіндік жұмыс, сапалы оқыту, мұғалімнің қызметі, шығармашылық жұмыстары, әдіс-тәсілдер, оқулықпен жұмыс, дидактикалық материалдар.

«Бүгінгі күні заманымызға сай ұстазымыз қандай, мектебіміз қандай болу керек?» деген сан сұраулар көкейімізде тұрады. Ұстазсыз мектепті, мектепсіз ұстазды көз алдына елестету қиын. Сондықтанда осы сұрақтарға жауап іздеп, еліміздің ертеңі-болашақ жастарға білім мен тәрбие беруде бастауыш сынып мұғалімдерінің де еңбектері өте зор екенін айтатеккенім артық болмас.